

Оқуға түсу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына (ЖЖОКБҰ) оқуға қабылдану үшін талапкерлер келесі құжаттарды ұсынады:

- ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініш;
- Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжаттың төлнұсқасы;
- Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификаты;
- Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық нұсқасы (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 3×4 сантиметр көлеміндегі 6 дана фотосурет;
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама (QR кодпен);
- Ведомостан үзінді (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау» салалары бойынша);
- Білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (жеңілдіктер мен квоталарға ие тұлғалар үшін қосымша растайтын құжаттарымен бірге ұсынылады);
- eGov Mobile қосымшасынан алынған әскери тіркеу туралы құжат (ер балалар үшін, күндізгі бөлімге түсушілерге);
- Мерзімді әскери қызмет өткергенін растайтын анықтама (ХҚКО-дан немесе eGov ақпараттық жүйесі арқылы алынған).

Ұлттық бірыңғай тестілеу

ҰБТ	Өтініш қабылдау уақыты	Өткізілетін уақыты
1-ші ҰБТ	20 – 30 желтоқсан	10 қаңтар - 10 ақпан
2-ші ҰБТ	15 - 25 ақпан	1 наурыз – 6 сәуір
3-ші ҰБТ	11 - 25 сәуір	10 мамыр мен 10 шілде
4-ші ҰБТ	25 шілде 5 тамыз	10 - 20 тамыз

Маңызды:

10 мамырдан 10 шілде аралығында ҰБТ тапсырған тестіленушілер-(тестілеудің екі мүмкіндігінің ішіндегі ең жоғары ҰБТ нәтижесімен, Сіз білім гранттарын тағайындау конкурсына қатыса аласыз);

Өтініштерді қабылдау мерзімі:

- Шығармашылық емтихандарға: 20 маусым – 6 шілде
- Арнаулы емтихандарға: 20 маусым – 24 тамыз
- Конкурса қатысуға: 13 – 20 шілде
- Студенттер қатарына қабылдау: 25 тамызға дейін

Емтихандарды тапсыру мерзімі:

- Шығармашылық емтихандар: 7 – 15 шілде
- Арнаулы емтихандар: 20 маусым – 24 тамыз

Ескертпе: ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл жинамаған, нәтижелері жойылған немесе бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін талапкерлер жоғары оқу орнына (бұдан әрі – ЖОО) ақылы негізде қалаған білім беру бағдарламалар тобы бойынша 1 оқу жылы аяқталғанға дейін қабылданады. Олар Ұлттық бірыңғай тестілеуді шекті балл алғанға дейін қаңтар–ақпан, наурыз, мамыр–шілде және тамыз айларында қайта тапсыра алады.

Қосымша талап:

Педагогикалық ғылымдарын таңдаған талапкерлер қосымша арнаулы емтихан тапсырады.

Маңызды ақпарат:

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеттің барлық білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданған студенттер «Әскери» кафедрада білім ала алады.

Мекен жайымыз: Тараз қ. Төле би даңғылы 60,